

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының төрағасы
А.Мерғалиевке

Асхатұлы Нұрдәулеттен
Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті.

АЛҒЫС ХАТ

Осы хатыммен Қызылорда облыстық сотының төрағасы Әділхади Жұмабайұлы Шығамбаев пен қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Мұхтар Жүсіпбекұлы Еркінбековке шын ниетті жүректен шыққан алғысымды жеткізгім келеді.

Мен отбасымда жалғыз ұлмын және асыраушысы болып табыламын, ата-анамның екеуіде бала кездерінен 3 топ мүгедектері (есту қабілеті бұзылған жандар).

Ата-анамның алдындағы перзенттік міндетімді орындау мақсатымен 22 қазан 2022 жылы қала ішінде жүргенімде полиция қызметкерлері заңсыз тоқтатып, әкімшілік хаттама толтырып, соңымен әкімшілік соттың қаулысымен 1 тәулік қамауда болып, 1 жылға жүргізуші куәлігімнен айырылдым, автокөлікті жүргізу отбасымның негізгі табысы болатыны ескерусіз қалды.

Ата Заңымыз бойынша мемлекеттің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қағидасын алға қойып, апелляциялық шағыммен істі облыстық соттың судьясы М.Ж.Еркінбеков кәсіби және әділ қарап, заңсыз тағылған айыптан босатып, істі тоқтатты.

Бұл орайда Сыр өңірінде азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды мақсат етіп, заңдылық тәжірибесін қалыптастырып отырған облыстық соттың төрағасы Әділхади Жұмабайұлы Шығамбаевқа отбасымның атынан алғыс айтамын.

Облыстық соттың судьясы Мұхтар Жүсіпбекұлы Еркінбековке Судьяға тән заңнама жөнінде жан-жақты білімі, істі әділ әрі жан-жақты қарауға тиісті шараларды қолдануы, сотқа қатысушыларға құрметпен қарап, танытқан сыпайылығы мен Заңды мүлтіксіз сақтау жолымен сот отырысына қатысуды жағымды қылып, қабылданған заңды, негізді және әділ шешіміне, біліктілігі мен жауапкершілігіне мән бере отырып, Мен сияқты қарапайым адамдардың құқығын қорғауда шыншылдық әрі әділдік танытқаны үшін алғысымды білдіремін.

Құрметпен,
Сот жүйесіне сеніммен



Нұрдәулет Асхатұлы